

Аудандық мәслихаттың 2001 жылғы 12 наурыздағы № 4 «Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау есебі туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихаттының 2009 жылғы 22 сәуірдегі N 116 шешімі. Ақтөбе облысының Хромтау аудандық Әділет басқармасында 2009 жылдың 05 маусымда N 3-12-92 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихаттының 2010 жылғы 23 ақпандағы № 177 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихаттының
2010.02.23 № 177 шешімімен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабын, «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қаулысын басшылықта ала отырып аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. «Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау есебі туралы» облыстық әділет басқармасында 2001 жылғы 5 сәуірде 1008 санды нөмерімен тіркелген аудандық мәслихаттың 2001 жылғы 12 наурыздағы тоғызынышы сессиясының № 4 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «Коммуналдық қызметті пайдаланғандағы шығынды өтеу үшін және байланыс қызметтеріне ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібінің Ережесін бекіту туралы»;

2) шешімнің кіріспесіндегі «Тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызмет көрсетуге ақы төлеудің жана принциптеріне көшу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 сәуірдегі №437 Қаулысымен» сөздері «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қаулысымен» сөздерімен ауыстырылсын;

3) шешімнің 1 тармағындағы «Хромтау ауданында коммуналдық қызметті пайдаланғандағы шығынды өтеу үшін тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібінің Ережесі» сөздері «Хромтау ауданында коммуналдық қызметті пайдаланғандағы

шығынды өтеу үшін және байланыс қызметтеріне ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібінің Ережесі» сөздерімен ауыстырылсын;

4) шешімге қосымшада:

Бүкіл мәтін бойынша «коммуналдық қызметті пайдаланғандағы» сөздері «коммуналдық қызметті пайдаланғандағы шығынды өтеу үшін және қалалық коммуникациялар жүйесіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемнің ұлғаю бөлігінде байланыс қызметтері» деген сөздерімен ауыстырылсын;

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 күнпарақтық күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық маслихат
сессиясының төрағасы

N.Арсений *Д.Молдашев*

Аудандық мәслихат
хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК